«Акмола облысы Білім басқармасының Біржан сал ауданы бойынша білім бөлімі Степняк қаласының Абай атындағы № 2 жалпы орта білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі

Коммунальное государственное учреждение «Общеобразовательная школа №2 имени Абая города Степняк отдела образования по району Биржан сал управления образования Акмолинской области

Бұйрық

Приказ

27.04.2022 №02-16/50
Степняк қаласы

г.Степняк

2021-2022 оқу жылын аяқтау және орта білім беру ұйымдарында білім алушыларды қорытынды аттестаттаудан өткізу мерзімдерін бекіту туралы

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігінің 2022 жылғы 20 сәуірдегі №159 және облыстық білім басқармасының 2022 жылғы 22 сәуір күнгі №116 бұйрықтарына, аудандық білім бөлімінің 2022 жылғы 25 сәуірдегі №06-05/63 бұйрығына сәйкес, сондай-ақ меншік нысанына және ведомстволық бағыныстылығына қарамастан орта білім беру ұйымдарында 2021-2022 оқу жылын ұйымдасқан түрде аяқтау мақсатында

БҰЙЫРАМЫН:

1. Оқу жылын аяқтаудың мынадай мерзімдері бекітілсін:
1) меншік нысанына және ведомстволық бағыныстылығына қарамастан орта білім беру ұйымдарында оқу сабақтарының аяқталуы - **2022 жылғы 25 мамыр;**
2) 9 (10) сынып білім алушыларының қорытынды бітіру емтихандары - **2022 жылғы 28 мамыр - 6 маусым аралығында;**
3) 11 сынып білім алушыларының мемлекеттік бітіру емтихандары - **2022 жылғы 27 мамыр - 10 маусым аралығында.**
2. Қорытынды аттестаттау өткізудің мынадай мерзімдері бекітілсін:
9 (10) сынып білім алушылары үшін санитарлық талаптарды сақтай отырып:
1) қазақ/орыс тілі (оқыту тілі) бойынша эссе нысанында жазбаша емтихан, гуманитарлық цикл пәндерін тереңдетіп оқытатын мектептер үшін жазбаша жұмыс (мақала, әңгіме, эссе) - **2022 жылғы 28 мамыр;**
2) математика (алгебрадан) жазбаша емтихан (бақылау жұмысы) - **2022 жылғы 31 мамыр;**
3) орыс тілінде оқытатын сыныптардағы қазақ тілі мен әдебиеті бойынша (мәтінмен жұмыс, мәтін бойынша тапсырмаларды орындау) жазбаша

Scanned by TapScanner

емтихан және қазақ тілінде оқытатын сыныптардағы орыс тілі мен әдебиеті бойынша жазбаша емтихан
(мәтінмен жұмыс, мәтін бойынша тапсырмаларды орындау) - **2022 жылғы 3 маусым;**

4) таңдау пәні (Физика, Химия, Биология, География, Геометрия, Қазақстан тарихы, Дүниежүзі тарихы, Әдебиет (оқу тілі бойынша), шет тілі (ағылшын/француз/неміс) Информатика) бойынша жазбаша емтихан -2022 жылғы 6 маусым;

11 сынып білім алушылары үшін санитарлық талаптарды сақтай отырып:

1) алгебра және анализ бастамалары пәнінен жазбаша емтихан (бақылау жұмысы) - **2022 жылғы 27 мамыр;**
2) қазақ/орыс тілі (оқыту тілі) бойынша жазбаша емтихан - **2022 жылғы 30 мамыр;**
3) Қазақстан тарихынан ауызша емтихан - **2022 жылғы 2 маусым;**
4) орыс тілінде оқытатын мектептерде қазақ тілінен және қазақ тілінде оқытатын мектептерде орыс тілі және әдебиетінен жазбаша емтихан - **2022 жылғы 7 маусым.**
5) таңдау пәні (Физика, Химия, Биология, География, Геометрия, Дүниежүзі тарихы, Құқық негіздері, Әдебиет, Шет тілі (ағылшын/француз/неміс), Информатика бойынша жазбаша емтихан- **2022 жылғы 10 маусым.**

3. Білім алушыларды қайта қорытынды аттестаттау санитарлық талаптарды сақтай отырып, орта білім беру ұйымдары айқындаған мерзімде өткізіледі.
4. Мектепішінен 9-11 сыныптарда қорытынды аттестаттауға жауапты мұғалімдер және ассистенттер тағайындалып, емтихан мерзімдері кестесі дайындалсын.
5. Білім сапасын арттыру және пандемия, шектеу шаралары кезеңінде жіберілген білімдегі олқылықтардың орнын толтыру мақсатында 1-8,10 – сыныптарда білім алушылар үшін 2022 жылғы 26 мамырдан бастап 17 маусым аралығында Жазғы мектепте оқыту ұйымдастырылсын.
6. Оқу ісі орынбасарлары Н.А.Уразова, Г.И.Умирзахова оқу жылын аяқтауды ұйымдастыру және білім беру ұйымдарында білім алушыларды қорытынды аттестаттауды өткізуді қамтамасыз етсін.
7. Осы бұйрықтың орындалуын өз құзырыма қалдырамын.

Мектеп директоры Р.Г.Абуов

Scanned by TapScanner